

"Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 17 ақпандағы № 151 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 желтоқсандағы № 1747 Қаулысы "2012 – 2014 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 24 қарашадағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 17 ақпандағы № 151 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж ., № 20, 248-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін: көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 1 ж ы л ғ ы 3 1 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№ 1 7 4 7 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің
2011 – 2015 жылдарға арналған
стратегиялық жоспары**

1. Миссия және пайымдау

Миссия: ел үшін жаңа, экономиканың және қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын, толыққанды бағалы ғарыш саласын қалыптастыру.

Пайымдау: ғарыш саласы Қазақстанның әлемнің бәсекеге неғұрлым қабілетті елдер қатарына кіруіне ықпал ететін, экономиканың ғылымды қажетсінетін және жоғары технологиялық секторы.

2. Ғарыш қызметі саласындағы ағымдағы жағдайды талдау және даму үрдістері

1-стратегиялық бағыт. Ғарыш инфрақұрылымын құру және дамыту.

Реттелетін саланы немесе қызмет аясын дамытудың негізгі параметрлері.

Қазіргі уақытта әлемде шамамен 30 ғарыш айлағы жұмыс істейді. Олардың ішінде жалпы іске қосулар мен ғарыштық іске қосулар саны бойынша "Байқоңыр" ғарыш айлағы бірінші. Әлемде ең ірі ғарыш айлағы бола тұра, "Байқоңыр" ғарыш айлағы еліміздің бірегей бәсекеге қабілетті басымдығы болып табылады.

"Байқоңыр" ғарыш айлағында "Протон", "Союз", "Зенит", "Днепр", ғарыштық зымырандық кешендері (ҒЗК) жұмыс істейді, "Бәйтерек" ҒЗК салыну сатысында. Қазақстанның жерүсті ғарыш инфрақұрылымына ғарыш айлағымен қатар, Ақкөл қаласындағы байланыс ғарыш аппараттарын басқару жерүсті кешені (ҒА), ғарыш техникасының арнайы конструкторлық-технологиялық бюросы (ҒТ АҚТБ), Ғарыш ақпаратын қабылдау мен өңдеудің екі орталығы, ғарыштық сәулелер станциясы, ғылыми зертханалар, астрономиялық обсерватория жатады.

2011 жылға арналған "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ұшырулар жоспары бойынша Ресей 30 іске қосуды жоспарлаған, оның ішінде коммерциялық тапсырыстар бойынша 15 іске қосу жоспарланды, бұл жалпы іске қосу санының 50% құрайды. 15 коммерциялық іске қосудың 12-сі "Протон" зымыран тасығышына (ЗТ), 3 іске қосу - "Зенит" ЗТ - ға келеді.

Жыл сайын Ресей "Байқоңыр" ғарыш айлағын жалға алғаны үшін 115 млн. АҚШ долларын төлейді және оның объектілерін ұстауға 100 млн. АҚШ долларын салады. Қазақстанның көзқарасы бойынша, жыл сайынғы жалгерлік ақыны алудан өзге де, өзінің бірегей бәсекелестік басымдығын іске асыру болып табылады. 1994 жылдан бастап 2010 жылды қоса алғандағы жалға беру кезеңі ішінде ел бюджетіне 1,9 млрд. АҚШ доллары түсті.

Алайда, Қазақстанның бірегей бәсекелестік басымдығы оның тарапынан күш салуынсыз сақталуы мүмкін болмай отыр. Мамандардың бағалауы бойынша, ғарыш айлағының технологиялық жабдығының табиғи және моральдық тозуының қалған мерзімі шамамен тағы да 10 жылды құрайды және мұның Ресей аумағындағы "Восточный" ғарыш айлағы құрылысының белгіленген мерзіміне сәйкес келуі кездейсоқ шығар.

"Байқоңыр" ғарыш айлағы жұмыс істеуінің келешегі ресейдің "Восточный" ғарыш айлағына кетуі жағдайында коммерциялық ұшыруларға тапсырыстар орындаумен ғана байланысты болады. Коммерциялық іске қосулар бойынша негізгі жүктемені "Протон" ЗТ көтереді. Алайда, "Протон" ЗТ жоғары улы зымыран отынын пайдаланады, сондықтан 2017 жылдан бастап оның орнына экологиялық жағынан қауіпсіз "Бәйтерек" ЗҒК келуі тиіс.

2008 жылдан бастап "Зенит" ЗТ рөлі едәуір өсті, "Днепр" ЗТ коммерциялық әлеуеті зор, ол ғарыш аппараттарын әлемдегі ең төмен бағалармен ұшыруды жүзеге асыратын мүмкіндік береді.

Негізгі проблемаларды талдау.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының толыққанды ғарыш инфрақұрылымы жоқ. Сондықтан ғарыш инфрақұрылымын құру мынадай міндеттердің толық кешенін шешу жөніндегі кешенді және жүйелі жұмыс жүргізуді талап етеді:

- 1) ғарыш жүйелерін құру, оның ішінде ғарыш сегментін құру;
- 2) толыққанды жерүсті ғарыш инфрақұрылымын құру, оның ішінде:
 - ғарыш техникаларын өндіру құралдарын жасау;
 - ғарыш аппараттарын ғарышқа шығару құралдарын дамыту;
- 3) озық ғарыш технологияларының трансферті және игерілуі;
- 4) қазіргі заман ғарыш техникасын әзірлеу және өндіру бойынша мамандарын даярлау.

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау.

Әлемдік ғарыш қызметінің жай-күйі мен үрдістері жаһандық экономикада жеке толыққанды нарықтың қалыптасқанын көрсетеді, ол әлемдік жоғары технологиялар нарығының ірі және жылдам дамитын сегменті болып табылады.

2010 жылдың қорытындылары бойынша әлемдік ғарыш нарығының бірлескен көлемі 276,5 млрд. АҚШ долларын құрады, 2009 жылға қарағанда 7,7% - ға өсті, алайда пайдалы жүктің саны 111-ден 118-ге дейін өсті.

Азаматтық және әскери ғарыш жобаларының үкімет шығыстары 2009 жылға қарағанда 2010 жылда 2%-ға өсті және 71,5 млрд. АҚШ долларына жетті.

"Байқоңыр" ғарыш айлағы табысты жұмыс істеу үшін, оның объектілерін дамытумен қатар, одан жүргізілетін ұшыруларға тапсырыс санын көбейту үшін жағдай жасау қажет. Мұндай жағдайдың бірі ҒА өндірісінің өз жобалау-конструкторлық және технологиялық базасын құру болып табылады. ҒА құрастыру және сынау жөніндегі Ғарыш аппараттарын құрастыру-сынау кешенімен (ҒА КҮСК) өз ҒТ АКТБ құру алғашқы кезеңде Қазақстанның отандық спутниктерді құруға толыққанды қатысуын қамтамасыз етуге, ал кейін спутник жүйелерін дербес әзірлеуіне және құруына мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғанды қорытындылай отырып, Қазақстанның ғарыш саласы дамуының әлсіз және күшті жақтарын айқындауға болады:

Күшті жақтары:

жалпы іске қосулар саны жағынан, сондай-ақ коммерциялық іске қосулар саны бойынша да бірінші орын алатын, әлемдегі ең ірі және белсенді "Байқоңыр" ғарыш айлағының меншікте болуы;
ел экономикасының ғарыш қызметтеріне ішкі қажеттілігі;
ғарыш қызметінің дамуын мемлекеттік қолдау.

"Байқоңыр" ғарыш айлағының негізгі құрал-жабдығының моральды және табиғи тозуы, оның салдарынан таяудағы 10 жылда ғарыш айлағының қазіргі объектілері өз р е с у р с т а р ы н т а у ы с а д ы ;

"Байқоңыр" ғарыш айлағының жалгерлік ақысы, оның негізгі құралдарын қалпына келтіруге емес, ағымдағы тұтынуға бағытталады; ғарыш техникасын әзірлеудің практикалық тәжірибесі, машықтары мен білімі бар мамандардың жетіспеуі.

2-стратегиялық бағыт. Ғарыш саласындағы ғылыми және ғылыми-технологиялық б а з а н ы д а м ы т у .

Реттелетін саланы немесе қызмет аясын дамытудың негізгі параметрлері. Қазақстандағы ғарыштық зерттеулер бұрынғы КСРО бірыңғай ғылыми жүйесінен ө з б а с т а м а с ы н а л а д ы .

В.Г. Фесенков атындағы астрофизикалық институт және Ионосфера институты алыс және жақын ғарышты әлемдік деңгейде зерттеуді қамтамасыз етті. Мәселен, Астрофизикалық институтта Жердің жасанды жерсеріктерін (ЖЖЖ) қадағалау зертханасы жұмыс істеді, ол КСРО ғарыш кеңістігін бақылау қызметінің жұмыстарын жүргізетін. Ионосфера институтында "Орбита" радиополигоны жұмыс істеді, онда ғарыш аппараттарынан қабылданатын, радиодабылдардың сипаттамасылары өзгертілетін және ионосфераның әрі навигациялық міндеттердегі ионосфералық ортаның әсерін есептеу үлгілері жасалатын.

1991 жылдан бастап Қазақстанда ұшқыш басқаратын ұшулармен байланысты ғарыштық зерттеулер дами бастады. Жерді қашықтықтан зондтау, ғарыштық материалтану саласында іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізуге бағытталған Ғарыштық зерттеулер институты ұйымдастырылды. Институт қазақстандық ғарышкерлердің ұшқыштар басқаратын ұшулары үшін Қазақстан Республикасының ғылыми зерттеулер мен эксперименттер бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру ж ө н і н д е г і б а с ұ й ы м ы б о л д ы .

"Мир" орбиталық кешенінің (ОК) және Халықаралық ғарыш станциясының (ХҒС) бортында ғылыми зерттеулер мен эксперименттер бағдарламалары табысты орындалды . Мәселен, 1991 жылы "Мир" ОК-да Т.О.Әубәкіровтің ұшуы кезінде ҚазСРО ҒА бес институтының қатысуымен бес ғарыштық эксперимент орындалды; 1994 жылы Т.А. Мұсабаевтың бірінші ұшу уақытында – Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының оннан астам институтының қатысуымен сегіз эксперимент орындалды, 1998 жылы Т.А. Мұсабаевтың екінші ұшуында – 20-дан астам ұйымның ғалымдары мен мамандарының қатысуымен 23 кешенді эксперимент орындалды. 2001 жылы Т.А. Мұсабаевтың үшінші ұшу уақытында Қазақстан алғашқылардың бірі болып ХҒС бортында ғылыми зерттеулер мен эксперименттер бағдарламасын іске асырды.

Ғылыми-техникалық әлеуетті шоғырландыру және ғарыштық техника мен

технологиялар саласында іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен "Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығы" акционерлік қоғамы ("ҰҒЗТО" АҚ) құрылды.

"ҰҒЗТО" АҚ "2005-2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамыту" мемлекеттік бағдарламасы, "2008-2010 жылдарға арналған ғарыш қызметі саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер" РББ бойынша зерттеулер жүргізді.

Қазіргі уақытта "ҰҒЗТО" АҚ-тың дамыған ғылыми-эксперименттік базасы бар. Атап айтқанда, В.Г. Фесенков атындағы астрофизикалық институттың биік таулы Тянь-Шань астрофизикалық обсерваториясы, Астрофизикалық зерттеулер обсерваториясы және Ассы обсерваториясы бар. Ионосфера институтының "Орбита" радиополигоны және "Космостанция" экспедициялық базасы бар. Ғарыштық зерттеулер институтының Ғарыштық ақпарат қабылдау орталығы және Ғарыштық мониторинг орталығы бар.

Аспан механикасы, деформацияланатын қатты дене механикасы, машиналар мен механизмдер теориясы, сұйықтар мен газдар механикасы саласындағы қазақстандық ғылыми мектептердің ғарыштық техникасын құрумен байланысты іргелі және қолданбалы зерттеулер саласында үлкен әлеуеті бар. Негізгі проблемаларды талдау.

Ғарыш саласының ғылыми және ғылыми-технологиялық базасы дамуының негізгі проблемалары бұрын Қазақстанда ғарыштық техниканы жасаумен тікелей қатысты ғылыми зерттеулер жүргізілмегендігімен байланысты болып отыр. Жоғарыда аталған елеулі ғылыми әлеует негізгі іргелі ғылыми зерттеулерге жатады, ал қолданбалы ғылыми зерттеулерге Жерді қашықтықтан зондтау саласы бөлігіндегі зерттеулер ғана жатады.

Сондықтан, бүгінгі таңда мынадай бағыттар бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулерді дамытудың өте өзекті міндеті болып табылады:

ғарыш саласын технологиялық дамытудың алдағы бағыттарын белгілеу, ғылыми-техникалық басымдықтарды және негізгі технологияларды негіздеу бойынша жүйелі зерттеулер жүргізу;

ғарыш техникасының, технологиясының жаңа үлгілерін құру, ғылымның, техниканың, өндірістің түрлі салаларында ғарыш технологияларын қолдану жөнінде ғылыми-зерттеу және эксперименттік жұмыстар жүргізу;

ғарыш қызметі саласындағы техникалық реттеу жүйесінің ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуін әзірлеу.

Бұдан басқа, ғылыми ұйымдардың зерттеу жабдықтары едәуір моральді және табиғи деңгейде ескірген, жаңартуды және жаңғыртуды қажет етеді. Қолданбалы ғылыми зерттеулердің жаңа бағыттары бойынша тиісті зертханаларды құру және қазіргі заманғы жабдықпен қамтамасыз ету қажет. Тиісінше бұл жұмыс осы сала

мамандарын даярлауды талап етеді.

Сыртқы және ішкі негізгі факторларды талдау.

Ғарыш қызметінің әлемдік тәжірибесінде минималды құрылым белгіленген, ол ғарыш саласының негізі бола алады және өзара байланысқан буындардың бірыңғай технологиялық тізбегі болады:

- 1) ғылыми және ғылыми – технологиялық база;
- 2) жобалау-конструкторлық және өндірістік база;
- 3) ғарышқа шығару құралдары және ҒА жерүсті басқару құралдары;
- 4) ғарыштық қызметтер операторларының желісі.

"Байқоңыр" ғарыш айлағының жалға берілген өндірістік-техникалық базасын қоспағанда, біздің республикамыздағы ғарыш саласының екінші, үшінші және төртінші буындары ғарыш бағдарламаларының шеңберінде жаңа ғана құрыла басталды. Сондықтан бүгінгі таңда республикада негізгі қозғалтушы күш ғарыш саласының көрсетілген буындарының біріншісі ғана болып табылады.

Бұл ғылыми және ғылыми-технологиялық базаның ролін бағалау әлемдік ғарыштық державалардың ғарыш қызметі дамуының тарихи тәжірибесі мен заңдылықтарына толық сәйкес келеді, әрі барлық салалардың ішінде ғарыш саласы ғылымды ең қажетсінетін және жоғары технологиялық болуымен байланысты болып табылады. Ғылыми және ғылыми-технологиялық базаның дамуы ғылымды дамыту міндеттерін және жоғары технологиялар міндеттерін бір уақытта шешуге мүмкіндік береді, сондықтан түрлі мемлекеттердің ғарыш бағдарламаларында ғылыми зерттеулер жүргізуге баса назар аударылады.

Бүгінгі таңда ғарышты тиімді игеру жақын және алыс ғарыш физикасы, радиоэлектроника және байланыс, материалтану, ғарыштық аспаптар жасау, Жерді қашықтықтан зондтау сияқты салаларда іргелі және қолданбалы зерттеулердің айрықша дамуын талап ететіндігі баршаға аян.

Жоғарыда айтылғанға орай, республикадағы ғарыш саласы дамуының алғашқы сатысындағы қазіргі жағдайда, ғарыштық техника мен технологияларды құру жөніндегі барлық жобаларды күшті ғылыми сүйемелдеумен қамтамасыз ету аса қажет.

Ғылыми және ғылыми-технологиялық базаның дамуының мақсаттары мен міндеттері ғарыш техникасының ғылыми зерттеулерінің, әзірлемелерінің, сынаулары мен өндірісінің тұтас жүйесін қалыптастыру қажеттігімен белгіленеді. Бұл ғылыми және қазіргі жетістіктер негізінде түрлі үлгідегі ҒА құруды және ұшыруды, соңғы тұтынушылардың ғарыштық жүйелерді пайдалануының аппараттық-бағдарламалық құралдарын құруды қамтамасыз етуге, сондай-ақ ғарыш қызметінің технологиялық дамуының басым бағыттары бойынша Қазақстанның динамикалық жылжуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

3-бөлім. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелер көрсеткіштері

| Тікелей нәтижелердің көрсеткіштері | | өлшем бірлігі | 2009 жыл | 2010 жыл | 2011 жыл | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл |
|--|--------------------|---------------|---------------|----------|----------------|----------|----------|----------|----------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 1. Ғарыш байланыс жүйесінің ҒА саны | "ҰҒЗТО" АҚ есебі | ҒА саны | - | - | 1 | - | - | 2 | - |
| Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне жетуге арналған іс-шаралар | | | | | 2011 жыл | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл |
| 1 | | | | | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. "KazSat-2" байланыс және хабар тарату ғарыш аппаратын (ҒА) штаттық пайдалануға енгізу | | | | | X | - | - | - | - |
| 2. "KazSat-2" ҒА сақтандыру | | | | | X | X | X | X | X |
| 3. "KazSat-3" ҒА құрастыру және ұшыру | | | | | X | X | X | X | - |
| 4. "KazSat-3" ҒА штаттық пайдалануға енгізу | | | | | - | - | - | X | - |
| 5. "KazSat-3" ҒА сақтандыру | | | | | - | - | - | X | X |
| 6. Резервтік жерүсті басқару кешенін пайдалануға енгізу (РЖБК) | | | | | - | X | - | - | - |
| 7. Жерүсті басқару кешенін және РЖБК сақтандыру | | | | | X | X | X | X | X |
| <i>1.1.2-міндет. Қазақстан Республикасының жерді қашықтықтан зондтаудың ғарыш жүйесін құру</i> | | | | | | | | | |
| Тікелей нәтижелердің көрсеткіштері | Ақпарат көздері | өлшем бірлігі | Есептік кезең | | Жоспарлы кезең | | | | |
| | | | 2009 жыл | 2010 жыл | 2011 жыл | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 1. ЖҚЗ ғарыш жүйесінің ҒА саны | "ҚҒС" ҰК" АҚ есебі | ҒА саны | - | - | - | - | - | 2 | - |
| Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне жетуге арналған іс-шаралар | | | | | 2011 жыл | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл |
| 1 | | | | | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. Орта шешімді оптикалық спутникті жасау және ұшыру | | | | | X | X | X | - | - |
| 2. Орта шешімді оптикалық спутникті штаттық пайдалануға енгізу | | | | | - | - | - | X | - |
| 3. Жоғары шешімді оптикалық спутникті жасау және ұшыру | | | | | X | X | X | X | - |
| 4. Жоғары шешімді оптикалық спутникті штаттық пайдалануға енгізу | | | | | - | - | - | X | - |
| 5. ЖҚЗ ғарыш жүйесінің жерүсті кешенін салу | | | | | X | X | X | - | - |
| 6. ЖҚЗ ғарыш жүйесінің жерүсті кешенін пайдалануға енгізу | | | | | | | | | |
| <i>1.1.3-міндет. Ғылыми-техникалық ғарыш жүйесін құру</i> | | | | | | | | | |
| Тікелей нәтижелердің көрсеткіштері | Ақпарат көздері | өлшем бірлігі | есепті кезең | | жоспарлы кезең | | | | |
| | | | 2009 жыл | 2010 жыл | 2011 жыл | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл |
| Ғылыми-техникалық ғарыш жүйесінің ҒА саны | "ҚҒС" ҰК" АҚ есебі | ҒА саны | - | - | - | - | - | - | 1 |
| Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне жетуге арналған іс-шаралар | | | | | 2011 жыл | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл |
| 1 | | | | | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| Ғылыми-техникалық ғарыш жүйесін құруға ТЭС жасау | | | | | X | X | - | - | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ғылыми-техникалық ҒА және оның жерүсті кешенін құру | - | - | X | X | X |
|---|---|---|---|---|---|

1.1.4-міндет. Жерүсті ғарыш инфрақұрылымын құру

| Тікелей нәтижелердің көрсеткіштері | Ақпарат көздері | өлшем бірлігі | есепті кезең | | жоспарлы кезең | | | | |
|---|--------------------|---------------|--------------|----------|----------------|----------|----------|----------|----------|
| | | | 2009 жыл | 2010 жыл | 2011 жыл | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 1. Пайдалануға енгізілген жерүсті ғарыш инфрақұрылым объектілерінің саны | "ҚҒС" ҰК" АҚ есебі | кешен | - | - | - | - | 3 | - | - |
| Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне жетуге арналған іс-шаралар | | | | | 2011 жыл | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл |
| 1 | | | | | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. АКТБ техникалық кешенін салу | | | | | X | X | X | - | - |
| 2. АКТБ техникалық кешенін пайдалануға енгізу | | | | | - | - | X | - | - |
| 3. ҒА Құрастыру-сынау кешенінің ғимаратын салу | | | | | X | X | X | - | - |
| 4. ҒА Құрастыру-сынау кешенін пайдалануға енгізу (ҒА ҚҰСҚ) | | | | | - | - | X | - | - |
| 5. Жоғары дәлдікті спутниктік навигациясының (ЖДСН) жерүсті инфрақұрылым орталығының ғимаратын салу | | | | | X | X | X | - | - |
| 6. ЖДСН жерүсті инфрақұрылымын пайдалануға енгізу | | | | | - | - | X | - | - |

1.2.-мақсат. "Байқоңыр" ғарыш айлағының Қазақстан Республикасына біртіндеп ауысуын және оны одан әрі пайдалануын қамтамасыз ету. Осы мақсатқа жетуге бағытталған, бюджеттік бағдарламалардың кодтары. ББ 004; ББ 006; ББ 010; ББ 015

| Нысаналы индикатор (жетістікті соңғы мерзімін (кезеңін) көрсете отырып) | Ақпарат көздері | өлшем бірлігі | есепті кезең | | жоспарлы кезең | | | | |
|---|--------------------|---------------|--------------|----------|----------------|----------|----------|----------|----------|
| | | | 2009 жыл | 2010 жыл | 2011 жыл | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 1. "Днепр" ЗТ коммерциялық ғарыш жобаларында Қазақстанның қатысуы | "ҚҒС" ҰК" АҚ есебі | жобалар саны | - | - | 1 | - | - | - | - |

1.2.1-міндет. "Байқоңыр" ғарыш айлағында экологиялық қауіпсіз "Бәйтерек" ғарыштық зымырандық кешенін (ҒЗК) құру

| Тікелей нәтижелердің көрсеткіштері | ақпарат көздері | өлшем бірлігі | есепті кезең | | жоспарлы кезең | | | | |
|---|---------------------|---------------|--------------|----------|----------------|----------|----------|----------|----------|
| | | | 2009 жыл | 2010 жыл | 2011 жыл | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 1. "Бәйтерек" ғарыштық зымырандық кешенінің құру аяқталуы | "Бәйтерек" АҚ есебі | % | - | - | - | - | - | - | 1 |
| Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне жетуге арналған іс-шаралар | | | | | 2011 жыл | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл |
| 1 | | | | | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

| | | | | | | | | | |
|---|-------------------|--------------|---|---|---|----|----|----|----|
| 1. Қажетсінетін ғарыштық технологиялар мен қызметтерді пайдаланатын ұйымдар мен кеңселер санының өсуі | "ҰҒ ЗТО" АҚ есебі | ұйымдар саны | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |
|---|-------------------|--------------|---|---|---|----|----|----|----|

2.1.1-міндет. Ғарыштық зерттеулердің ғылыми және эксперименталды базасының дамуы

| Тікелей нәтижелердің көрсеткіштері | Ақпарат көздері | өлшем бірлігі | есепті кезең | | жоспарлы кезең | | | | |
|---|-------------------|----------------|--------------|----------|----------------|----------|----------|----------|----------|
| | | | 2009 жыл | 2010 жыл | 2011 жыл | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 1. Жаңа әзірленген ғылыми технологиялар саны | "ҰҒ ЗТО" АҚ есебі | бірліктер саны | 5 | 9 | 9 | 7 | 9 | 11 | 10 |
| 2. Тәжірибеге енгізілген ғылыми әзірлемелердің саны | "ҰҒ ЗТО" АҚ есебі | бірліктер саны | 2 | 2 | 4 | 2 | 2 | 4 | 5 |
| Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне жетуге арналған іс-шаралар | | | | | 2011 жыл | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл |
| 1 | | | | | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. Таяу және алыс ғарышты зерттеу үшін әдістемелерін әзірлеу | | | | | X | X | X | X | X |
| 2. Ғарыш техника мен материалдардың эксперименталдық үлгісін, аппараттық-программалық әдістемелерін әзірлеу | | | | | X | X | X | X | X |
| 3. ЖҚЗ деректерінің өңделген тематикалық технологияларын жасау | | | | | X | X | X | X | X |
| 4. Қазақстан аумағының жерүсті-ғарыштық геодинамикалық және геофизикалық мониторингі әдістерін жасау | | | | | X | X | X | X | X |
| 5. Эксперименталдық астрономикалық кешенінің дамуына инвестициялық ұсыныс жасау | | | | | - | X | - | - | - |

2.1.2-міндет. Ғарыш саласында экологиялық мөлшерлеу жүйесін дамыту

| Тікелей нәтижелердің көрсеткіштері | Ақпарат көздері | өлшем бірлігі | есепті кезең | | жоспарлы кезең | | | | |
|---|----------------------------------|----------------|--------------|----------|----------------|----------|----------|----------|----------|
| | | | 2009 жыл | 2010 жыл | 2011 жыл | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 1. Ғарыштық-зымыран қызметінің (ҒЗҚ) ластанған, экожүйесі аумағындағы бағалауын нормативтік-методикалық базасын арттыру | " Ғарыш-Экология "ҒЗО" РМК есебі | бірліктер саны | 1 | 1 | 3 | 3 | 2 | 3 | 2 |
| 2. Зымыран-ғарыштық қызметінің (ЗҒТ) экологиялық қауіпсіздік саласындағы басқару шешімдерін қабылдауға арналған мемлекеттік органдардың ақпараттық-талдауды қамтамасыз етуі | " Ғарыш-Экология "ҒЗО" РМК есебі | % | - | - | - | 100 | 100 | 100 | 100 |

| Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне жетуге арналған іс-шаралар | 2011 жыл | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл |
|--|-------------|-------------|-------------|-------------|-------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. Гигиеналық нормативтердің жобаларын жасау | X | X | X | X | X |
| 2. Ғарыштық-зымыран қызметінің экологиялық қауіпсіздігі атласын басып шығару | X | X | - | - | - |
| 3. ЗОҚБ ластанған топырақтарды детоксикациялаудың технологиялық регламенттерінің жобаларын жасау | X | - | - | X | - |
| 4. Қоршаған орта нысандарында ЗОҚБ және оның туынды өнімдерін анықтау әдістерінің жобалары | X | X | X | X | X |

2.1.3-міндет. Ғарыш саласында халықаралық ынтымақтастықты дамыту

| Тікелей нәтижелердің көрсеткіштері | Ақпарат көздері | өлшем бірлігі | есепті кезең | | жоспарлы кезең | | | | |
|--|--------------------|------------------------|--------------|----------|----------------|----------|----------|----------|----------|
| | | | 2009 жыл | 2010 жыл | 2011 жыл | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 1. Жаңа әріптес - мемлекеттер саны | ҰҒА есебі | саны | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 1 |
| 2. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің 2012 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекетаралық радионавигациялық бағдарламасы аясында мемлекетаралық радионавигациялық және навигациялық жабдықтарымен сынау орталығын құру | "ҚҒС" ҰК" АҚ есебі | Құжат жобаларының саны | - | - | - | - | 2 | - | - |
| Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне жетуге арналған іс-шаралар | | | | | 2011 жыл | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл |
| 1 | | | | | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. Ғарыш қызметі саласындағы мемлекеттермен келісімдерді әзірлеу және қол қойғызу | | | | | X | X | X | X | X |
| 2. ТМД қатысушы мемлекеттердің радионавигациялық жоспарын әзірлеу және келісу | | | | | X | - | - | - | - |
| 3. ТМД елдерінің жерүсті көлігінің зияткерлік жүйесін құру жөнінде тұжырымдаманы және техникалық ұсыныстарды әзірлеу | | | | | - | X | - | - | - |
| 4. ТМД қатысушы мемлекеттердің әр түрлі топтағы тұтынушыларының мүдделерінде радионавигациялық, ақпаратты қолдануды айқындайтын, тұжырымдаманы әзірлеу | | | | | - | X | - | - | - |
| 5. Мемлекетаралық радионавигациялық және навигациялық жабдықтарымен сынау орталығын құруға жұмыстарды жасау | | | | | X | X | X | - | - |

2.1.4.-міндет. Ғарыш саласында мамандардың біліктілігін арттыруды дамыту

| Тікелей нәтижелердің көрсеткіштері | Ақпарат көздері | өлшем бірлігі | есепті кезең | | жоспарлы кезең | | | | |
|--|------------------------------------|---------------|--------------|----------|----------------|----------|----------|----------|----------|
| | | | 2009 жыл | 2010 жыл | 2011 жыл | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 1. Қазақстан ЖОО-да және "Болашақ" халықаралық бағдарламалар бойынша даярланған мамандар мөлшері | Б F M ақпараты | адам жылына | - | - | - | - | - | - | 30 |
| 2. Ғарыш саласын құру басым бағыттары бойынша біліктілігін арттыруды өткен мамандар мөлшері | ҰҒА есебі | 238 | 238 | 240 | 240 | 140 | 140 | 140 | 140 |
| 3. Жетекші шетел ғарыш орталықтарында тағылымдамадан өткен ғарыш саласы мамандарының мөлшері | "ҚҒС" ҰК" АҚ, "ҰҒ ЗТО" АҚ есептері | - | - | - | - | 20 | 20 | 20 | 20 |
| 4. Ғылыми зерттеу бағдарламада және ғарыш саласы жобаларында іске қосылған жас ғалымдар, студенттер мөлшері | "ҰҒ ЗТО" АҚ есебі | - | - | - | - | - | - | - | 15 |
| Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне жетуге арналған іс-шаралар | | | | | 2011 жыл | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл |
| 1 | | | | | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. Қазғарыштың ұйымдарының сұранысына сәйкес Қазақстанның базалық ЖОО және халықаралық "Болашақ" бағдарламасы бойынша мамандар даярлау (магистратура, докторантура, ғылыми тағылымдамалар) | | | | | X | X | X | X | X |
| 2. Ғарыш саласындағы мамандардың біліктілігін арттыру соның ішінде шетелдегі жетекші ғарыш орталықтарындағы тағылымдаманы енгізе отырып | | | | | X | X | X | X | X |
| 3.Ғарыш қызметі саласындағы ҒЗТКЖ-ді жүргізу үшін студенттер мен жас ғалымдардың қызығушылықтарын тудыратын Қазғарыш пен ЖОО ынтымақтастығы мен бірлескен қызметін ұйымдастыру | | | | | X | X | X | X | X |

3.2. Стратегиялық бағыттың және мемлекеттік органдардың мақсаттары мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына сәйкес келуі

| | |
|--|---|
| Мемлекеттік органның стратегиялық бағыттары және мақсаттары | Стратегиялық және (немесе) бағдарламалық құжаттың атауы |
| 1 | 2 |
| 1-стратегиялық бағыт. Ғарыш инфрақұрылымын құру және дамыту 1.1-мақсат. Экономика мен қоғамның ғарыш құралдары мен қызметтеріне өсіп келе жатқан қажеттіліктерді | |

| | |
|---|---|
| <p>қанағаттандыру</p> <p>1.2 - мақсат.</p> <p>"Байқоңыр" ғарыш айлағының Қазақстан Республикасына біртіндеп ауысуын және оны одан әрі пайдалануын қамтамасыз ету</p> <p>2-стратегиялық бағыт.</p> <p>Ғарыш саласындағы ғылыми және ғылыми-технологиялық базаны дамыту</p> <p>2.1 - мақсат.</p> <p>Ғарыштық техниканы және технологияларды жасау мен қолданудың қазақстандық қамту көлемін арттыру</p> | <p>"2010-2014 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының үдемелі индустриальдық-инновациялық дамуының мемлекеттік бағдарламасы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығы;</p> <p>"Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 29 қазандағы № 1125 Қаулысы</p> |
|---|---|

4-бөлім. Функционалдық мүмкіндіктерді дамыту

| Мемлекеттік органның стратегиялық бағытының және мақсатының атауы | Мемлекеттік органның стратегиялық бағытын және мақсатын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар | Іске асыру кезеңі |
|--|--|-------------------------|
| 1 | 2 | 3 |
